

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 30 наурыз 1995 ж. N 2156

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы Z952155_ шығарылуына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- қолданылып жүрген заңдарды "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар енгізілсін;

- екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарғылық қорын, оның ішінде үйлерін, ғимараттары мен жабдықтарын қоса негізгі қаражатпен ұлғайту жөнінде шешім қабылдасын;

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

- 1995 жылы бюджет тапшылығына кредит беруді Қазақстан Республикасы Президентінің "1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1995 жылғы 15 наурыздағы заң күші бар N 2120 U952120_ Жарлығымен белгіленген лимиттер шегінде жүзеге асырсын;

- республикалық бюджетті қаржыландыру функциясы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығына берілгенге дейін бұл функцияны "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының талаптарын ескере отырып жүзеге асырсын;

- екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативті актілерін "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкестендіретін болсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті